

Астана қаласы бойынша «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ кәсіби даму институты филиалының «Педагогтердің кәсіби қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу» жөніндегі 2022-2023 жылға арналған жоспары негізінде 2023 жылдың 10 маусымында «Арт-терапия басым бағыттағы №45 «Самұрық» балабақшасы» базасында «Балабақшадағы оқыту мен ұлттық тәрбиенің жаңа жолдары» атты педагогтердің біліктілігін арттырудың заманауи тәсілдерін зерттеу бойынша тәжірибе алмасу дөңгелек үстелі өтті. Осыған орай, аталған іс-шараға спикер ретінде Білім беру бағдарламалары және курстан кейінгі қолдау департаментінің бас маманы Мәдениет Хабатұлы, Әдістемелік орталықтың мектепке дейінгі білім беру бөлімінің басшысы Амирхамзина Райгуль Гильмановна, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының аға оқытушысы Тусупова Гульмайра Умирбековна және №71 «Мөлдір» балабақшасы, №47 «Ақжелкен» балабақшасы, №66 «Толағай» балабақшасы педагогтері қатысты.

